

**«БЕКТЕМІН» / «УТВЕРЖДАЮ»**  
**«Ақмола облысы Сандықтау**  
**ауданының Мәдениет ауылының**  
**жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**  
**директоры**



**Қудайбергенова К.Д.**

**«Ақмола облысы білім басқармасының**  
**Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі**  
**Мәдениет ауылының жалпы орта білім**  
**беретін мектебі» КММ шағын орталығының**  
**«Балбөбек» тобының**

**2024 -2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске**  
**асыру бойынша жылдық жоспары**

### **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты:**

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

#### **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

#### **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

#### **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

#### **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

#### **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;  
**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;  
**Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;  
**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;  
**Қаңтар** – заң және тәртіп айы;  
**Ақпан** – жасампаздық және жаңашылдық айы;  
**Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;  
**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;  
**Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.

#### **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

#### **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**

Мектепке дейінгі ұйым түлегі :

- Отан, ел, туған өлке туралы білу
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
- Мемлекеттік тілді білу
- Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
- Табиғатқа қамқорлық таныта білу

#### **БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ**

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

#### ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- Жауапты болу.
- Уәделерді орындай білу.
- Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

#### ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
- Үлкендерге құрмет көрсету
- Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу

#### ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
- Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
- Өзіне-өзі қызмет көрсету

#### ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы.
- Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту
- Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
- Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну
- Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану
- Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу

## **Әр айдың іс-шаралары**

### **Күнделікті:**

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
  - «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
  - «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
  - «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңда
- Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесі

### **Апта сайын:**

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

## Тәрбие жұмысының ерекшеліктері

### Дәйек сөздер

<b>Қыркүйек</b>	<b>Құндылық- Еңбекқорлық пен кәсібилік</b>
I апта	«Білім - қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» Мұзафар Әлімбаев
II апта	«Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!»
III апта	«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» Абай
IV апта	«Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.» Абай
<b>Қазан</b>	<b>Құндылық – Тәуелсіздік және патриотизм</b>
I апта	«Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»
II апта	«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»
III апта	«Отанды сүю - отбасынан басталады!»
IV апта	«Отаным - алтын бесігім!»
<b>Қараша</b>	<b>Құндылық – Әділдік пен жауапкершілік</b>
I апта	«Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»
II апта	«Тура биде туған жоқ!»
III апта	«Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі»
IV апта	«Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»
<b>Желтоқсан</b>	<b>Құндылық – Бірлік пен Ынтымақ</b>
I апта	«Бірлігі күшті ел озады»
II апта	«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»
III апта	«Бірлік болмай тірлік болмас»
IV апта	«Ынтымақ - бұзылмайтын қорған»
<b>Қаңтар</b>	<b>Құндылық – Заң және тәртіп</b>
I апта	«Талап бар жерде тәртіп бар»

II апта	«Тәртіп - тәрбие бастауы»
III апта	«Әділ заң - аспан тірегі»
IV апта	«Тәртіпсіз ел болмайды»
<b>Ақпан</b>	<b>Құндылық – Жасампаздық және инновация</b>
I апта	«Жасампаздық - бәрімізге өнеге»
II апта	«Шығармашыл бала - ойлы бала»
III апта	«Өнерлі бала өрге жүзер»
IV апта	«Жаңашылдық - заман талабы»
<b>Наурыз</b>	<b>Құндылық – Тәуелсіздік және патриотизм</b>
I апта	«Патриотизм - ата-ананды құрметтей білуің...» (Б.Момышұлы)
II апта	«Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»
III апта	«Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»
IV апта	«Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»
<b>Сәуір</b>	<b>Құндылық - Еңбекқорлық пен кәсібилік</b>
I апта	«Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап.» (Абай)
II апта	«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.» (Леонардо да Винчи)
III апта	«Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»
IV апта	«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»
<b>Мамыр</b>	<b>Құндылық – Бірлік пен Ынтымақ</b>
I апта	«Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»
II апта	«Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»
III апта	«Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.» (Төле би)
IV апта	«Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.» (Күлтегін)

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспары**

<b>Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b>				
<b>1</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Мерзімі</b>
	1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - білім мен тәрбие баспалдағы»	Балабақша топтары мен ауласын таныстыру, ойын-сауықтар ұйымдастыру	Топ тәрбиешілері	қыркүйек
3	Ертегілер елінде: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»	Ертегіні балаларға теледидардан көрсету, ертегі туралы түсінік қалыптастыру	Топ тәрбиешілері	қыркүйек
4	Ата-аналар жиналысы «Баланың денсаулығы біздің қолымызда». Салауатты өмір салты дегеніміз не?	Топтың 2024-2025 оқу жылындағы алдына қойған мақсаттарымен таныстыру. Ата-аналар комитетін сайлау	Топ тәрбиешілері, медбике	Қыркүйек
5	«Балалар кітапханасы» жобасы «Кітап - біздің досымыз!», «Жас тыңдарман» атты балалар кітапханасы жобасын ұйымдастыру	Кітапхана өмірімен таныстыру, кітапқа деген қызығушылықтарын ояту арқылы балаларды адамгершілікке тәрбиелеу	Топ тәрбиешілері	қыркүйек
6	«Smart bala» жобасы	Құрастыру бойынша балалар іс-әрекетін ұйымдастыру	Топ тәрбиешілері	қыркүйек
7	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Дүкен» ойындары - қаржылық	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Топ тәрбиешілері	қыркүйек



	сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту			
<b>Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы</b>				
8	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Дарабоз» (ата-аналардың арасында)	Ұлттық ойындар	Топ тәрбиешілері, ата-аналар	қазан
9	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау.	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар	Топ тәрбиешілері	қазан
10	«Әжемнің ертегісі»	Іс- шара ұйымдастыру	Топ тәрбиешілері, әжелер	қазан
11	«Мен Отаныммен мақтанамын!»	Іс- шара ұйымдастыру	Топ тәрбиешілері	қазан
13	«Арайлы алтын күз!»	Іс-шара ұйымдастыру	Топ тәрбиешілері	қазан
14	Қауіпсіздік мектебі: «Отпен ойнау қауіпті»	Тақырыптық сағат ұйымдастыру	Топ тәрбиешілері	қазан
<b>Қараша – әділдік және жауапкершілік айы</b>				
16	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз!»	Жарыс ойыны	Топ тәрбиешілері	қараша
17	Ертегілер елінде:	Сахналық ойын	Топ тәрбиешілері	қараша

	«Маша мен аю» қуыршақ театры			
18	Менің елім – Мәңгілік ел!	Әдістемелік ұсынымдар	Топ тәрбиешілері	қараша
19	«Алақай, қыс келді!»	Қысқы ойындар	Топ тәрбиешілері	қараша
20	«Республикам – мақтанышым!»	Ертеңгілік	Топ тәрбиешілері	қараша
21	«Адалдық алаңы», «Әлем біздің айналамызда», «Табиғат әлемі» мектепалды топтарында іс -шара	Мультфильм қарау, іс-шара	Топ тәрбиешілері	желтоқсан
22	Денсаулық күні: «Алақай қыс келді!»	Ойын -сауық	Топ тәрбиешілері	желтоқсан
23	Ертеңгілік: «Тәуелсіздік - тірегім!»	Мерекелік іс-шара	Топ тәрбиешілері	желтоқсан
24	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері»	Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Топ тәрбиешілері	желтоқсан
25	«Қауіпсіз балабақша» терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық, оқу, жаттығу шараларын өткізу (МДҰ ішілік)	Оқу жаттығу шаралары Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес	Мектепке дейінгі ұйым басшысы, топ тәрбиешілері	желтоқсан
26	«Қош келдің Жаңа жыл» ертеңгілік Жаңа жыл кешіне ұйымдастырылған ертеңгіліктен балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.	Мерекелік іс-шара	Топ тәрбиешілері	желтоқсан
<b>Қаңтар – заң және тәртіп айы</b>				
27	«Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында)	Зияткерлік ойындар	Топ тәрбиешілері	қаңтар

28	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім»	Әңгімелесу	Топ тәрбиешілері	қаңтар
29	Ертегілер елінде: «Қарлығаш пен дәуіт»	Сахналық қойылым	Топ тәрбиешілері	қаңтар
30	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Біз - экологпыз»	Танымдық, эксперименталдық іс- әрекет	Топ тәрбиешілері	қаңтар
31	«Техника және біз» техногендік сипат орын алғаннан кейінгі медициналық алғашқы көмек көрсету	Іс –шара	Топ тәрбиешілері, медбике	қаңтар
<b>Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы</b>				
32	«Smart bala» жобасы «Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам	Танымдық, эксперименталдық іс- әрекет	Топ тәрбиешілері	ақпан
33	Ұлттық үстел үсті ойындары	Үстел үсті ойындары	Топ тәрбиешілері	ақпан
34	«Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	Қолөнер бұйымдарының көрмесі	Топ тәрбиешілері	ақпан
35	«Еңбегі адал, жас өрен» жобасы «Қоғамдық мүлікті қорға»	Әңгімелесу	Топ тәрбиешілері	ақпан
36	Ертегілер елінде: «Екі аяз» қуыршақ театры	Сахналық қойылым	Топ тәрбиешілері	ақпан
<b>Наурыз – ұлттық және рухани құндылықтар айы</b>				
37	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс»	Челлендж (алғыс айту)	Топ тәрбиешілері	наурыз

	(тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)			
38	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Еңбектің наны тәтті»	Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Топ тәрбиешілері	наурыз
39	«Ана – біздің күніміз!»	Ертеңгілік	Топ тәрбиешілері	наурыз
40	«Мен және қоршаған орта» терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық, оқу, жаттығу шараларын өткізу (мдұ ішілік)	Оқу жаттығу шаралары	Топ тәрбиешілері Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес	наурыз
41	«Наурыз – жыл басы!»	Ертеңгілік	Топ тәрбиешілері	наурыз
42	«Кел, күлейік балалар!»	Ойын-сауық	Топ тәрбиешілері	наурыз
<b>Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b>				
43	«Балалар кітапханасы» жобасы «Шын жүректен кітап сыйла» - Халықаралық балалар кітабы күні	Челлендж	Топ тәрбиешілері, ата-аналар	сәуір
44	Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті	Сюжетті-рөлдік ойын	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	сәуір
45	«Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары	Сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	сәуір
46	«Балалар кітапханасы» жобасы «Кітаппен жарқын әлемге» (жергілікті балалар жазушыларымен кездесу)	Кездесу	Топ тәрбиешілері	сәуір

47	«Әжемнің ертегілері»	Жобалау іс-әрекеті	Топ тәрбиешілері, ата-аналар, әжелер	сәуір
48	Мен және ересектер әлемі	Түсіндірме жұмысы Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес	Топ тәрбиешілері	сәуір
49	«Достығымыз жарасқан»	Балалар суретінің көрмесі	Топ тәрбиешілері	сәуір
<b>Мамыр – бірлік және ынтымақ айы</b>				
50	«Біз – батырлар ұрпағымыз!»	Ертеңгілік	Топ тәрбиешілері	мамыр
51	«Табиғатты сақтайық!»	Жобалау іс-әрекеті	Топ тәрбиешілері	мамыр
52	«Айгөлек» балалар байқауы	Сайыс	Топ тәрбиешілері	мамыр
53	«Толағай» отбасылық сайысы	Эстафета	Топ тәрбиешілері	мамыр
54	«Алақай, жаз келді!»	Әңгімелесу	Топ тәрбиешілері	мамыр
<b>Маусым – тәуелсіздік және отаншылдық айы</b>				
1	1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні	Мерекелік іс -шара	Топ тәрбиешілері	маусым
2	4 маусым –ҚР рәміздері күні	Сынып сағаты	Топ тәрбиешілері	маусым
3	«Шабьт» жобасы «Домбыра күні»	Концерт және көрме	Топ тәрбиешілері	маусым

